

Павлодар облысында ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 39/3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 маусымда № 7368-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2025 жылғы 25 ақпандағы № 183/19 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 25.02.2025 № 183/19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабы б) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 470 "Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24170 болып тіркелген) Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар облысында ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері 30 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы

И. Теренченко